

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Е.Д. Стамбековке  
Р.С. Қожасбаевқа  
И.В. Смирноваға  
А.Т. Зейнуллинге  
Ү. Шапаққа**

*28.04.2023ж. №ДЗ-119 депутаттық сауалға*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының халықтың шамадан тыс жоғары кредиттелу проблемасына қатысты 28.04.2023ж. №ДЗ-119 сауалын өз құзыреті шегінде қарап, мыналарды хабарлайды.

Ұлттық Банк қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдем көрсету мақсатында қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шаралар кешенімен ұсынылған макропруденциялық саясатты қалыптастырады.

Тұтынушылық кредиттеудің шамадан тыс өсуін шектеу үшін пайдаланылатын қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициенті (бұдан әрі – БЖК) макропруденциялық саясат құралдарының бірі болып табылады. Қарыз алушының БЖК қарыз алушының барлық қарыздары бойынша ай сайынғы төлемінің оның айлық табысына қатынасы ретінде жаңа қарыз алу сәтіне есептеледі.

Қазіргі қолданыстағы заңнамаға сәйкес БЖК есептеу және қолдану тәртібі банктердің пруденциялық нормативтерінің құрамына енгізілген. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) олардың сақталуын белгілеу және қадағалау жөніндегі жауапты мемлекеттік орган болып табылады. БЖК-ны пруденциялық нормативтер тізбесіне енгізу Агенттіктің мандатын күшейтуге және оның банк секторын реттеу жөніндегі құралдарының тізбесін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Ұлттық Банкте БЖК-ның ең жоғары мөлшерін белгілеу құқығы сақталған. БЖК-ның ең жоғары мөлшерінің қазіргі мәні 0,5-тен аспайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 наурыздағы №140 «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына (бұдан әрі – Жарлық) сәйкес Агенттікке халықтың микрокредиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеуді қатаңдату, халықтың проблемалық кредиттерін реттеу бойынша жоспарларды екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің қабылдауы бойынша талаптарды енгізу жұмысын жүргізу тапсырылғандығын қосымша хабарлаймыз.

Осы Жарлық шеңберінде кредиттер бойынша борыштық жүктемені шектеу жөнінде, атап айтқанда қарыздар мен микрокредиттер бойынша күнтізбелік 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар азаматтарға қарыздар мен микрокредиттер беруге шектеулер енгізу, сондай-ақ коллекторлық агенттіктердің жеке тұлғалардың кредиттері бойынша берешекті реттеу рәсімін енгізу жөнінде шаралар қабылданады.

Борыштық жүктеменің өсуі халықтың қаржылық сауаттылығының деңгейіне, инфляцияның өсуіне, қарыз алушылардың нақты табысының төмендеуіне және қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты кешенді сипатта болады.

Жоғарыда аталған проблеманы шешу мемлекеттік органдар тарапынан инфляция деңгейін төмендетуге, халықтың борыштық жүктемесін төмендету бойынша сараланған шараларды қолдануға, халықтың кірістері өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар тарапынан пруденциялық талаптардың орындалуын мұқият қадағалауға байланысты бірлескен үйлестірілген іс-қимылдарды іске асыруға негізделуі тиіс.

**Төраға**

**Ғ. Пірматов**

*орынд. Динара Садыбаева  
тел.8(7172)775417, ішкі 5643*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№

Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Стамбекову Е.Д.  
Кожасбаеву Р.С.  
Смирновой И.В.  
Зейнуллину А.Т.  
Шапак У.

На №ДЗ-119 от 28.04.2023 года

### Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев запрос депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан №ДЗ-119 от 28.04.2023 года касательно проблемы высокой закредитованности населения в пределах своей компетенции, сообщает следующее.

В целях содействия обеспечению стабильности финансовой системы Национальный Банк формирует макропруденциальную политику, представленную комплексом мер, направленных на снижение системных рисков финансовой системы.

Одним из инструментов макропруденциальной политики является коэффициент долговой нагрузки (далее – КДН) заемщика, который используется для ограничения чрезмерного роста потребительского кредитования. КДН заемщика рассчитывается на момент получения нового займа как отношение ежемесячных платежей по всем займам заемщика к его ежемесячному доходу.

Согласно действующему на сегодняшний день законодательству, порядок расчета и применения КДН включены в состав пруденциальных нормативов банков. Ответственным государственным органом по установлению и надзору за их соблюдением является Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство). Включение КДН в перечень

пруденциальных нормативов позволило усилить мандат Агентства и расширить перечень его инструментов по регулированию банковского сектора.

Вместе с тем, за Национальным Банком было сохранено право по установлению максимального размера КДН. Текущее значение максимального размера КДН составляет не более 0,5.

Дополнительно сообщаем, что в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 10.03.2023 года №140 «О мерах по расширению кредитования реального сектора экономики и снижению закредитованности населения» (далее – Указ) Агентству поручено проведение работы по ужесточению регулирования ставок по микрокредитам населения, введению требований по принятию банками второго уровня, микрофинансовыми организациями и коллекторскими агентствами планов по урегулированию проблемных кредитов населения.

В рамках данного Указа принимаются меры по ограничению долговой нагрузки по кредитам, в частности по введению ограничений на выдачу займов и микрокредитов гражданам, имеющим просроченную задолженность по займам и микрокредитам свыше 90 календарных дней, а также по введению процедуры урегулирования задолженности по кредитам физических лиц коллекторскими агентствами.

Рост долговой нагрузки носит комплексный характер, связанный с уровнем финансовой грамотности населения, ростом инфляции, снижением реальных доходов и ухудшением финансового положения заемщиков.

Решение вышеуказанной проблемы должно лежать в плоскости реализации совместных скоординированных действий со стороны государственных органов, связанных со снижением уровня инфляции, применением взвешенных мер по снижению долговой нагрузки населения, обеспечением роста доходов населения, а также с осуществлением тщательного надзора за исполнением пруденциальных требований со стороны банков и организаций, осуществляющих микрофинансовую деятельность.

**Председатель**

**Г. Пирматов**